Түркістан облысы

Шардара ауданы

Шардара қаласы

«Шардара»мектеп-лицейі каммуналдық мемлекеттік мекемесі

Тақырыбы : **20-минуттық кітап оқу**

(Бастауыш топ оқырмандар)



Дайындаған мектеп кітапхана меңгерушісі: **Анарбаева. Б.**

Сканировано с CamScanner

Мәлімет

#Oqu_agartu_ministrligi

#Біртұтас_тәрбие_бағдарламасы

#20_минуттық_кітап_оқу

Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейі кітапханасында жоғарғы топ оқырмандардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, кітап оқуға, соның ішінде көркем әдебиеттерді оқуға қызығушылықтарын арттыру, кітап оқуға сүйіспеншілікпен қарап, алдағы уақыттарда да, оқып жүруге ынталарын қалыптастыру мақсатында Кітапхана меңгерушісі Анарбаева Балжан Сеидуллаева Гүлбала .Барлық топ оқырмандармен бірге «20-минуттық кітап оқу» атты тақырыпта жоғарғы дәрежеде өтті

https://www.facebook.com/share/p/1Brh4uC7s5/.



Видео WhatsApp 2025-01-31 в 10.50.04_8d5eede9.mp4

Сканировано с CamScanner

Түркістан облысы

Шардара қаласы

«Шардара» мектеп-лицейі коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Тақырыбы:

«Қыз Жібек операсына 90 жыл»

Іс шара

Жоғары топ оқырмандарына



2025- оқу жылы

Сканировано с CamScanner

Мәлімет

#Oqu_agartu_ministrligi

#Біртұтас_тәрбие_бағдарламасы_
#Оқуға_құштар_мектеп_жобасы_
#Қыз_Жібек_операсына_90_жыл_
#іс_шарасы

Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп – лицейінде «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында "Қыз - Жібек" операсына 90 жыл толуына орай, бүгін мектеп – лицейіміздің кітапхана меңгерушісі Анарбаева Балжан әріптесіміз жоғарғы деңгейде әдеби-сазды музыкалық композицияға негізделген 9г сынып жетекшісі Тілеубергенова К оқырмандармен іс - шара ұйымдастырды.
Іс - шарада барысында жоғарғы топ оқырмандарымыз «Қыз Жібек» операсы – қазақ мәдениетінің жаны мен жүрегі, ұлттық құндылықтарымыздың шежіресі яғни, "Қыз - Жібек" туындысының көптеген сыр шертер мәліметтерімен бөлісіп, белсене араласып, өнерлерін көрсетті.
Сонымен қатар, оқырмандарымыз Жібектің даналығы мен ізгілігін өнеге ете отырып, өз мәдениетімізді ұлықтауға атсалысуы тиіс. Түптеп келгенде, өз ұлттық мұрамызды бағалап, оны болашаққа жеткізу – біздің ортақ міндетіміз.

https://www.facebook.com/share/p/162bsEhA9/ e





Сканировано с CamScanner

«Қыз Жібек» операсына 90 жыл толуына арналған іс-шара жоспары

Мақсаты:

1. Құрманғазы атындағы «Қыз Жібек» операсының 90 жылдығын атап өту.

2. Қазақ опера өнерінің дамуындағы «Қыз Жібек» операсының маңызын жастарға түсіндіру.

3. Опера өнерін, оның авторлары мен шығармасын ұлықтау, ұрпақтар арасындағы мәдени мұралар мен дәстүрлерді сақтау.

Міндеттері:

1. Операның тарихы мен оның маңызын зерттеу.

2. Опера өнеріне қызығушылықты арттыру.

3. «Қыз Жібек» операсын сахналау немесе оның үзінділерін көрсету арқылы өнердің мәнін ашу.

4. Қазақ мәдениетінің ұлы тұлғалары туралы оқушылар мен студенттер арасында түсінік қалыптастыру.

Күтілетін нәтижелер:

1. Оқушылар мен қатысушылар «Қыз Жібек» операсының тарихы мен авторлары туралы білім алады.

2. Қатысушылар қазақ ұлттық өнеріне деген құрметі мен қызығушылығын арттырады.

3. Қазақ музыкалық театры мен операсының даму жолын түсінеді

Іс-шараның жоспары

I. Ұйымдастыру кезеңі (5 минут)

- Қатысушыларды қарсы алу.

- Іс-шараның мақсатын, бағдарламасын және оның ерекшеліктерін түсіндіру.

- Операның тарихы мен оның маңызын түсіндіретін бейнемазмұн көрсету.

Сканировано с CamScanner

II. Кіріспе сөз (10 минут)

- Мұғалім немесе өнер саласындағы маман «Қыз Жібек» операсының тарихына қысқаша шолу жасайды.

- Операның авторлары — Шәмші Қалдаяқов пен Ғабит Мүсіреповтің шығармашылығы туралы айтып өту.

- «Қыз Жібек» операсының мәдениетіміздегі орны мен оның мәні туралы мағлұмат.

III. Операның мазмұны мен музыкалық нөмірлері (15 минут)

- Операның сюжетін баяндау: Қазақ халық эпосынан алынған сюжет, басты кейіпкерлер — Қыз Жібек пен Төлегеннің махаббат оқиғасы.

- Операдан үзінділер тыңдату немесе сахналау.

- Операның ең танымал арияларын тыңдау (мысалы, Қыз Жібек пен Төлегеннің дуэті).

IV. Топтық жұмыс (15 минут)

1. Опера туралы пікірталас:
2. - Оқушылар мен қатысушыларды топтарға бөліп, әр топқа «Қыз Жібек» операсының маңызын, оның тарихтағы орны мен мәдениеттегі рөлін талқылауды ұсыну.
3. - Әр топ өз ойларын ортаға салып, қорытынды жасап, қысқаша презентация ұсынуы қажет.
4.
5. 2. Арияларды талдау:
6. - Қатысушыларды операдағы танымал арияларды тыңдауға шақыру және олардың мәтінін талқылау.
7. - Музыкалық шығармашылыққа негізделген тапсырмалар (мысалы, арияны өз бетінше орындау немесе оны жаңаша интерпретациялау).
8.
9. V. Шығармашылық жұмыс (10 минут

- Қатысушыларға «Қыз Жібек» операсынан өздеріне ұнаған көріністі бейнелеп, қысқаша сурет немесе плакат жасауды ұсыну.

- Әр қатысушы өз шығармасын таныстырып, оның мағынасы мен мәнін түсіндіреді.

VI. Қорытынды (5 минут)

- «Қыз Жібек» операсына 90 жыл толуына орай қорытынды сөздер.

- Қатысушылардың пікірлері мен ұсыныстары тыңдалады.

- Іс-шараға қатысушыларға алғыс айту, оларға сертификаттар немесе естелік сыйлықтар беру.


Сканировано с CamScanner

Мәлімет

25 қазан Республика күні

25 қазан Республика күніне "Тәуелсіз Қазақ елі" атты іс-шара өтті. Мақсаты: Оқушыларды туған жерін, туған елін, халқын ардақтап өтуге үйрету. Бақытқа жетер даңғыл жолдың бірі-туған Отанды сүюден басталатынын түсіндіру. Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту. Егеменді еліміз жер бетіндегі басқа мемлекеттермен терезесі тең, өркениетті ел ретінде танылып өзінің Елтаңбасын, Туын, Әнұранын белгіледі. Осы бір қасиетті белгілердің мәнін әрбір ұрпақ терең түсініп, оны қастерлей білу керек. Ұйымдастырған кітапханашы Анарбаева Балжан 6 сынып оқушылары сынып жетекші – Туякова Гулшат. Іс - шараны мектебіміздің әлеуметтік желіге(facebook) жарияладым.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=1663184457502540&id=10001433004



1462&mibextid=Nif5oz

Сканировано с CamScanner

Түркістан облысы

Шардара ауданы

Шардара қаласы

«Шардара»мектеп-лицейі каммуналдық мемлекеттік мекемесі

Тақырыбы : **Шалқа ертегісіне көрініс**

(Сақналық жұмыс)



Дайындаған мектеп кітапхана меңгерушісі: Анарбаева. Б.

2024-2025 жыл

Сканировано с CamScanner

Мәлімет


#Oqu_agartu_ministrligi

#Біртұтас_тәрбие_бағдарламасы_

#Шалқан_ертегісіне_көрініс_

«Шардара» мектеп-лицейі кітапханасында орта топ оқырмандарға ертегілер туралы түсінік беру, сөздік қорын, байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру, жағымды, жағымсыз қасиеттерді айыра білуді үйрету мақсатында «Шалқан» ертегісінен көрініс.Сақналық жұмыс 5б сынып жетекшісі Еспенбетова Зубайра оқырмандарымызбен қатысты. Дайындағандар кітапхана меңгерушісі Анарбаева Балжан. Сеидуллаева Гүлбала

https://www.facebook.com/permalink.php?story_fbid=pfbid08ZmGk4N5DE3fGM9ddfbgwotApc4h5gWQ5QTjgFVokguaChccvHip6ZCbjTeKWjijl&id=100016



Сканировано с CamScanner

Түркістан облысы

Шардара ауданы

Шардара қаласы

«Шардара» мектеп –лицейі

Тақырыбы : **ОТТЫ ЖЫЛДАР ЖАҢҒЫРЫҒЫ**

(Ауған соғысы ардагерлерінің ерлігін насихаттау танымдық сағат)



Дайындаған мектеп кітапхана меңгерушісі: Анарбаева. Б.

2024-2025 жыл

Сканировано с CamScanner

Мәлімет

#Oqu_agartu_ministrligi

#Біртұтас_тәрбие_бағдарламасы_

#Отты_жылдар_жаңғырығы_

#Ауған_соғысының_ардагерлерімен_кездесу_

«Шардара» мектеп – лицейінде жеңістің маңызын түсіндіру арқылы Отанға деген сүйіспеншілік сезіміне, патриоттыққа, Отансүйгіштікке тәрбиелеу,өз елінің тарихына қызығушылығын арттыру мақсатында 2025 жылдың 26 ақпан күні мектеп – лицей кітапханашылары Б.Анарбаева, Г.Сейдуллаева және АӘД пәні мұғалімі Б.Жүрсінов әріптестеріміз Ауғанстан жерінен Кенес әскерлерінің шығарылған күніне 36 жыл толуына орай, «Отты жылдар жаңғырығы» атты тақырыпта Ауған соғысының ардагерлерімен кездесу өткізді.

Оқушылар Ауған соғысы ардагерлерімен кездесу арқылы сұрапыл соғыс жайлы мағлұмат алып, бойларында патриоттық сезім ұялатып, өрелік қабілеттері кеңейгендей. Мектеп-лицей спорт залдында **«Отты жылдар жаңғырығы»** кітаптар көрмесі қойылды. Сондай-ақ, жиын келген қонақтармен отты күндер туралы слайдтар мен қысқаметражды бейнефильм көрсетілді.

https://www.facebook.com/share/p/15jgM2FWon/



Дайындаған мектеп кітапхана меңгерушісі: Анарбаева .Б

Сканировано с CamScanner

Тақырыбы: **Отты жылдар жаңғырығы**

Ауған Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылғанына арналған Ауған соғысының ардагерлерімен кездесу — кеші

Мақсаты: Оқушыларға Ауған соғысы жайлы толық мәлімет беру, ардагер ағалармен ашық әңгімелесу, сұхбаттасу;
Өз Отанына шексіз берілген, патриоттық рухы жоғары, қайсар жауынгер ағалардың ерлігін үлгі ету;
Ауған соғысында опат болған жауынгерлердің рухына тағзым етуге, есімдерін қастерлеуге тәрбиелеу, оқушыларға патриоттық тәрбие беру.
Көрнекілігі: Слайд, видеолар, ардагерлердің суреттері.
Қазақстан Республикасының Әнұраны орындалады.

Барысы:
Мұғалім:
— Қайырлы күн құрметті де қымбатты қонақтар, ұстаздар мен оқушылар! 10-11 сыныптар ұйымдастыруымен болып отырған «Ауған соғысының жаңғырығы» атты Ауған соғысының ардагерлерімен кездесу кешін ашық деп жариялаймыз!
-Тарих көші үнемі жаңаланып отырады. Десе де ұмытылмайтын, ескірмейтін тарихи оқиғалар болды. Соның бірі-әлемді дүр сілкіндірген Ауған соғысы.
Ауғанстан жеріне қатерлі күн туғанда елін, жерін қорғау үшін көптеген ер азаматтар соғысқа аттанды. 1979 жылы басталған соғыс 10 жылға созылды. 1989 жылдың 15 ақпанында Кеңес әскерлері Ауған жерінен шығарылды. Бұл соғысқа 22 мың қазақстандық қатысты, олардың 761-і қаза тапты, 21 жауынгар хабарсыз кетті. Содан бері 35 жыл өтіпті.
Сол оралмаған жауынгерлерімізді орнымыздан тұрып еске алайық:
Еске алу (1 мин үнсіздік)

2 — жүргізуші:
Құрметті қонақтар, ұстаздар, оқушылар!Өткенін ескермеген өшеді,
Өткенін қастерлеген өседі,- демекші, берер тәлімі мол тарихтың тірі куәгерлері бүгін біздің ортамызда!

1 – жүргізуші:
Жаулардан қарсы келген жасқанбаған
Жасаған ерлігіне мастанбаған.
Ұрпаққа өмір жолын өнеге боп,
Тарихта ардагерлер асқан бағаң – деп батылдық пен ерліктің ерен үлгісін көрсеткен жерлестеріміз біздің ортамызда. Бүгінгі кешке қатысушы қонақтарымызбен таныстырайық.

---

2 — жүргізуші
— 1979 жылы желтоқсан айында Кеңес үкіметінің ұйғаруымен Ауғанстан жеріне Кеңес әскерлерін енгізу туралы шешім қабылданды. Соғыс – зұлымдық. Жазықсыз төгілген қан. Тарих жылнамасынан өзінің қаралы, нәубет жылдарымен орын алған зұлматтың бірі – Ауған соғысы.

1 — жүргізуші
Ауған соғысы 1979 жылдың 27 желтоқсанында КСРО қарулы күштерінің Ауғанстанға басып кіріп, оның ішкі істеріне қол сұғуы салдарынан тұтанған соғыс. Соңы аяқталмас соғысқа ұласқан бұл қасірет елдің тек өз ішінде ғана емес оған сырт мемлекеттердің қатысуымен ұзаққа созылды.

Сканировано с CamScanner

2 — жүргізуші
Бұл соғыстың абырой әпермейтінін түсінген Кеңес үкіметінің басшылары Ауғанстандағы барлық әскерді екі жылдың ішінде алып шығу туралы бір шешімге келді. 1989 жылдың 15 ақпанында қолбасшы, генерал — лейтенант Б. Громов "Кеңес әскері Ауғанстан жерінен толықтай шығарылды" деп мәлімдеді.
Бүгінгі таңда елімізде 10000 — ға жуық ауған соғысының ардагерлері бар. Олардың 3000 — дайы мүгедектер қатарында.
Елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың ауған соғысы туралы: « Ауған соғысында қыруар қаржы шығындадық, мыңдаған өмір қиылды, бәрібір кеңес әскеріне бұл елді тастап шығуға тура келді. Халық үшін бұдан асқан қасірет бар ма?» — деген ойлы сөзі бар.
Бұл соғыс жайлы шындық талай жылдар бойы тұмшаланып келді. Тек еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейін ғана шындықтың беті ашылды.

1 — жүргізуші:
Осындай ауыр аманат арқалап, өмір мен өлім белдескен қанды шайқасқа қатысып, батылдық пен ерліктің ерен үлгісін көрсеткен қаһарман жерлестеріміз біздің ортамызда.
1 — жүргізуші:

Соғыс жылдарындағы оқиға туралы баяндама «Жылдар сөйлейді».

1979 жылы
Кеңес әскерінің шектеулі контингенті Ауғаныстанда 86 адамынан айырылды, оның 7 – еуі қазақстандық еді.

12 желтоқсанда КОКП ОК Саяси бюросы Ауғанстанға 40 — армияны енгізу туралы шешім қабылдады.
13 желтоқсан Армия генералы С. Ф. Ахромеевтің басшылығымен КСРО Қорғаныс мин — нің жедел тобы Ташкент, Термез қалаларына жіберілді. 40 — армияның қолбасшылығына генерал – лейтенант Ю. В. Тухаринов тағайындалды.
27 желтоқсанда арнайы мақсаттағы «Зейнит» бөлімшесі Тәжі — Бек сарайын шабуылдады. АДР басшысы Х. Амин өлтірілді. Мемлекеттің жаңа басшысы Б. Кармаль болды.

1980 жылы
Кеңес әскерінің шектеулі контингенті бұл жылы 1484 адамынан айырылды, оның 181 қазақстандық еді.

Ақпанның аяғы. Кабулда үкіметке қарсы жаппай қозғалыс өтті. КСРО елшілігі атқыланды, бірнеше кеңестік азаматтар қаза тапты. Оппозицияның қарулы отрядтарын АДР армиясымен бірігіп талқандау туралы Ауғандағы кеңестік әскери қолбасшылығына тиісті нұсқаулар түсті.

Көктем. 40 — армияның қатысуымен Пактия және Газин уәлфяттарында жауынгерлік іс — қимылдар жүргізіліп, I — Панджер операциясы өтті.

1981 жылы
Кеңес әскерінің шектеулі контингенті бұл жылы 1298 адамынан айырылды, оның 97 қазақстандық еді.

Сканировано с CamScanner

Сәуір. 3 – Панджер операциясы сәтті өтті.
Қыркүйек. Кеңестік және ауғандық әскерлер шартты «Мармоль» атауымен қиын операция жүргізді. Балх уәлаятындағы Мазари — Шариф Оңтүстігіне қарай 25 — 30 шақырымда тауда орналасқан көтерілісшілер базасы талқандалды.

1982 жылы
Бұл жылы 1948 кеңестік жауынгерлер мен офицерлер, оның ішінде 168 қазақстандық қаза тапты.
Мамыр. 40 — армияның қолбасшылығына генерал В. Ф.Ермаков тағайындалды. Оның басшылығымен Парван, Каписа, Газни уәлаяттарында жауынгерлік операциялар, сонымен қатар Ауғанстанның Пәкстан, Иранмен шектесетін мемлекеттер шекарасын жабуда ауқымды жұмыстар жүргізілді.

1983 жылы
Кеңес әскерінің шектеулі контингенті бұл жылы 1446 адамынан айырылды, оның 72 қазақстандық еді.
Мамыр — қыркүйек. Қарсыластармен соғыс барысында 22 жауынгерлік операция жүргізілді. 2800 тораuыл қойылып, 17 632 қару бірлігі жойылды. 4334 және1772 мың бірлік оқ дәрі колға түсті. 103 колонна. Дислокация пунктері атқыланып, 38 минаның жарылуы оқиғасы тіркелді.

1984 жылы
Кеңес әскерінің бұл жылы шығыны 2343 адамды құрады, оның 103 — і қазақстандық еді.
Мамыр — қыркүйек. 40 — армия 22 жоспарлы, 19 жоспардан тыс операциялар жүргізді. 2084 тораuыл қойылыр, 18184 моджахед өлтіріліп, 3839 жеке қару бірілігі қолға түсіріліді. 80 колонна, 96 дислокация пункті атқыланды, 53 мина жарылысы болды, кеңес әскері 886 адамынан айырылды, оның 111 — і офицерлер болды. 1958 адам жараланып, оның ішінде 70 мың адамы өліп, 3 минааттар, 50 — ден астам мина, ауқымды қару – жарақ, оқ – дәрі қолға түсті.

1985 жылы
Ауғанстанда кеңестік 1868 адам қаза тапты, оның 86 – сы қазақстандық болды.
қазан. Мәскеуде Кеңес әскерін Ауғанстаннан шығару туралы келіссөз қабылданды.

1986 жылы
Ауғанстанда кеңестік 1333 адам қаза тапты, оның 70 — і қазақстандық болды.
Сәуір. Кеңес әскерін қалайда Ауғанстаннан шығару туралы АҚШ — тың №166 Ұлттық қауіпсіздік директивасына қол қойылды.

1987 жылы
3 – қаңтар. Ауғанстан респ. революциялық кеңесі «Ауғанстандағы ұлттық татуласу» Декларациясын қабылдады.

1988 жылы
759 кеңес әскері, оның ішінде 44 қазақстандық қаза тапты.
Желтоқсан. Горбачев БҰҰ — ның Бас ассамблеясының 4 — сесссиясында АҚШ пен Пәкістанға арналған инициатива көтерді. Онда 1989 жылдың 1 қаңтарынан барлық соғысушы жақтар арасындағы ұрыс қимылдарын, оппозиция мен үкімет әскеріне қару – жарақ, техниканы жеткізуді бір уақытта тоқтату ұсынылды.

Сканировано с CamScanner

1989 жылы
Кеңестік әскерінің шығыны 53 адамды құрады. Оның 8 — і қазақстандық болды.
15 ақпан. Түстен кейін Ауғанстан кеңестік шекарашылар тастап шықты. Термез қаласында болған митингіде 40 — армияның қолбасшысы алдарына қойған әскери міндетті толық орындап шыққанын мәлімдеді.

2 — жүргізуші:
КСРО әскерлерінің Ауғанстан жерінен шыққан күнін атап өту қарсаңында «Қазақстан — 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Жолдауына қатысты Мәжіліс депутаты, Ауған соғысының ардагері Бақытбек Смағұл жастарды ел үшін еңбек етуге шақырады.
«Ең алдымен айтарым, адам баласын жақсылыққа үміттендіріп, жақсылыққа жетелеген лазым. Жамандықтың бір кілті ашылса, адамның да, қоғамның да қалған өмірі күреспен өтеді. Елбасының Жолдауы Қазақстанның әлемдік деңгейдегі беталысы мен бағытын айқындап берді. Президентіміз Жолдауын жастарға арнады. Шын мәнінде, бүгінгі жастар өзгеше. Тәуелсіз елдің төл перзенттері, санасы тәуелсіз, ойы озық, білімі асқақ азаматтар. Жастар жауапкершілікпен қатар, ауыртпашылықты да сезінуі керек,»- дей келе Ауған соғысының ардагері бүгінгі еңбек майданын кешегі ауған соғысына теңеді.

«Мен көрген соғыс» атты бейнебаян үзінді көріңіздер

Ауған соғысының қасіреті кімдердің жүрегін жараламады десеңізші?! Азаматтық борышын атқаруға әскерге кетіп, табытпен оралғандары қаншама? Осындай ағаларымыздың хатынан үзінді тыңдаңыздар. (Күй орындалып тұрады.) _____

«Жауынгер хаты» (авторы М. Сергеев.)
Бауырым, бұл хатымды аласың ба?
Ауғанның тауларының арасында,
Бораған қорғасын оқ бас көтертпей,

Жатырмыз ессіз — түссіз жар астында.
Қоршаудамыз, барады айдан асып,
Анталаған жаулармен тайталасып,
Іздеп жатқан ел де жоқ артымыздан,

Шер — қайғыңды енді кімге айта аларсың?
Күңіреніп, күрсінеді Ауғанстан,
Жігіттер де шаршады сұм соғыстан.
Түн ортасы басталар қанды қырғын,

Жарылыстан — жарылыс – күл боп ұшқан.
Күні өтеді осылай жастығымның,
Жолдасымның естідім ақтық үнін.
Қансырады, құлады командирім,

Бірақ сырын алдырмай жатты күліп.
Күліп жатты жалғанның барлығына,
Өспей жатып жасыл гүл солды сонда!
Көтергенмен рухын жауынгердің,

Сканировано с CamScanner

Іште қалды — ау өкпесі тағдырына!
Басқа салды, біз көндік, амал қанша?
Тартысамыз дұшпанмен ала алғанша.
Қай бұрышта қалады бас домалап,

Алла білер, жортатын сапар қанша?
Кейде ойлайсың, сұм ажал алып кетсе,
Қопарылып, өртеніп жанып кетсем,
Бауырым, дән риза мен болар едім,

Осы хатым еліме барып жетсе!
Түсімізге енеді ақ қорымдар,
Дегендей ме, сездіріп сақ болыңдар.
Бәрімізде бір арман қоршаудағы;

«Сүйегіміз қалмаса екен жат қолында!»
1 – жүргізуші:
Құрметті қонақтар, ендігі кезекте келешегіміз бен жарқын болашағымыздың жасаушысы, жалындаған жас ұрпақтың арнауын назарларыңызға ұсынамыз.

2. Армысыздар, ауғандық жауынгерлер
Жырым бар жараланған, жаныңды емдер.
Өлгендердің жәннәтта болсын жаны,
Тірілерің мың жаса, дәуірлеңдер!
Ерлік қылған ағаларым, аспан асты, жер үсті,
Біз сәндікке кимегенбіз деп шалбар мен бөрікті
Отан ана алдындағы өтеймін деп борышты,
Аттандыңдар, атқардыңдар соғысты.
3. Отан үшін оққа тосып кеудеңді,
Ерлігіңді, өрлігіңді ер көрді.
Бірге аттанған бауырларың жер жастанды, жерленді
Жебейді олар әруағымен сендерді.
Аналардың көл боп аққан көз жасы,
Жетім — жесір тағдырларын ойлашы.
Сол күндерді көрмесін бұл халқымыз,
Елі үшін құрбан болған ер басы.
4. Баласы батыр туғаннан
Денесін сумен жуғаннан
Батыр да халық қазақпыз
Кіндігін түйіп буғаннан
Даламен бірге қайнасып
Көкпенен бірге жайнасып
Көршімен тату, жауына қату
Қарасаң егер байқасып

1 — жүргізуші: Жетісайдан қатысқан Ауған соғысының ардагерлері:
Екі жүргізуші барлық Ауған соғысының ардагерлерін кезек кезек тізіп айтып шығады
«Ерлік — жан дүниенің ұлы қасиеті» деген екен бір дана қария. Өмірінің өлшеулі бір бөлігі, жауқазын жастық шағының сүбелі үлесін оқ пен от астында өткізіп, тағдырдың жауызымен елге аман – сау оралып, туған жерімен қауышқан майдангер ағаларымызбен кездесіп, бүгінгідей сұхбат жүргізу – біз үшін бір ғанибет. Уақыт пен тарихтың мәңгі жадында қалған оқиғаларды өз басынан өткерген апаларымыз бен ағаларымыздың айтары да, бізге берер тәлімі де мол. Ендеше, сөз кезегі өздеріңізде, құрметті қонақтар!

Сканировано с CamScanner

Ендігі сөз кезегі алып бәйтерек, ауылымыздың мақтанышы болып жүрген ауған соғысының ардагерлеріне беріледі.

Сұхбаттасу
Оқушыларды толғандырып жүрген сұрақтар бар шығар, олай болса кезекті оқушыларға берейік. Оқушылардың сұрағы:

— Сіздермен бірге қазақ жауынгерлері болды ма?
— Сіздің Ауғанстанға аттанғаныңызды тума – туыстарыңыз білді ме?
— Ауған жерінде болғанда ауғандықтардың қандай екенін байқадыңыз?
— Бұл сұм соғысқа аттандыңыз ба?
— Сіз Ауған соғысы туралы фильмдерді көргенде шындыққа жанасатындары бар ма?
— Сіздермен шақырылған жігіттердің қаншасы елге оралмады?
— Соғыстың алдында сіздерге жаттықтыру істерін жүргізді ме? Әлде қару беріп жібере салды ма?
— Сіздерге үкімет тарапынан қандай көмек көрсетіліп отыр?
— Ауғанстанда тұратын қазақтар жайлы білеміз.
— Соғыс кезінде қандастарымызды кездестірдіңіз бе?

— Қазіргі бейбіт заман сарбаздарынан қандай батырлық, ерлік қасиеттерін көріп жүрсіз?
— Өз тәжірибеңізден қазіргі жастар өз елінің патриоты ретінде қандай болу керек деп ойлайсыз?
— «Ерлік, батырлық, жауынгерлік» ұғымдарын жастар арасында қалай насихаттаған дұрыс деп ойлайсыз?

— Сіздер Ауған соғысына барғанда шын өзіңіз ниетіңізбен бардыңыз ба, әлде Кеңес Одағының тапсырмасы болды ма?

1 – жүргізуші:
15 ақпан 1989 жылы 40 — армияның Ауған жерінен генерал Боир Громовтың шығуы еді. Шын мәнінде оқиға басқаша болған. Соғыс бітсе де шекаралар мен негізгі құрамалар қалдырылған. Соңғы шығушы қазақстандық офицер Виктор Харичев басқарған шекарашылар. Олар ешқандай сән – салтанатсыз. Құшаққа алған гүлдерсіз Ауған жеріндегі соғыстың ақырғы нүктесін қойды. Өкінішке орай бұны әркім біле бермейді.
Ауғанстан кеңес әскерлерінің шығарылғанына 35 жыл өтсе де, сол кездегі жауынгерлер бүгінгі бейбіт өмірдің еңбеккерлері соғыс жарасынан айыға алмай келеді. Бүгін өзімізбен бірге елінің көсегесін көгертуге атсалысып жүрген ауғандық ардагер жауынгерлерді қадірлеп – құрметтеу – біздің борышымыз.

2 — жүргізуші
Мен қазақпын, Ұланымын елімнің,
Мен қазақпын, тірегімін жерімнің.
Ұланымын туын көкке көтерген,
Болашаққа алға бастап жетелер.
Қиындығын қазағымның әрқашан
Қайыспайтын қара нардай көтерер.

1 — жүргізуші:
— Өтер жылдар, айлар тағы алыстап
Тағдыр талай тауқыметін табыстар.
Өздеріңді жырлап өтер ұрпағың

Сканировано с CamScanner

Ауғандағы азап шеккен арыстар — деп ақын жырлағандай, өмір тоқтамайды, ерлік өлмейді, замандарға жалғаса береді. Бұған дәлел бүгінгі ортамызда жүрген ауғандық жауынгерлеріміз, бейбіт өмірдегі жарқын істері, қоғамдық жұмыстарға белсенділіктері, түрлі кәсіпті игерудегі ерен еңбектері ұмтылмақ емес.

2 — жүргізуші
Ерлік — елдің туы. Ер қуаты — қару болса, ел — қуаты батырлары, сақадай сарбаздары мен сардарлары. Халық қашанда қаһарман ұлдарын пана тұтқан. Отан үшін күрес, ерге тиген үлес. Халықтың осы даналығы қайда жүрсек те, қашанда жүрек дәптерінде, сана сахнасында сақтаулы жүрсе, қазақ баласы азаматтық парызын адал ақтауды ұмытпас. Ауған қаһармандарын қадірлеп, құрметтеп, рух жасампаздығымен жаңартайық.
1 — жүргізуші

Кешіміздің қорытынды сөзін мектебіміздің АӘД пәнінің мұғаліміне береміз.
Мұғалім:
Сонау Ауған жерінде қару асынып мұң арқалаған сын сағаттарда бірін — бірі бауыр дескен азаматтар бүгінгі таңда еліміздің түкпір — түкпірінде еңбек етуде.
Аяулы ағалар, уақыт тауып келгендеріңізге рахмет! Сіздерге ұзақ ғұмыр, денсаулық, жанұяларыңызға бақыт тілейміз! Аспанымыз ашық болсын, бейбіт өмір жасай берсін





https://www.facebook.com/share/1BozCVjJGQ/

Сканировано с CamScanner

Мәлімет

Шардара мектеп лицей кітапханасында Ауған соғысы ардагерлерінің ерлігін насихаттау мақсаытында

«Отты жылдар жаңғырығы» атты сағат Алғашқы әскери дайындық сабағының мұғалімі Жүрсінов Бақдәулет және 11 сынып білім алушыларымен біргелікте Ауған соғысы ардагерлерінің ерлігін насихаттау мақсатында танымдық сағаты болып өтті. Танымдық сағат мақсаты Ауған соғысына қатысқан жерлестеріміздің ерлігін насихаттау, өскелең жас ұрпаққа ерлік жолдарының тәрбиелік мәнін атап өту болатын.

Танымдық сағатқа қалалық ардагерлеріміз қатысып . майдан шебінде болған оқиғалар мен туған елге , жерге деген сағыныштарын әнмен тарқатқандарын сөз етті.

Танымдық сағатта оқушыларымыз ардагерлерге сұрақтар қойып , ой бөлісті.

Танымдық сағаттың жастарға тәрбиелік мәні бар сабақ болып өтті.

Дайындаған мектеп кітапхана меңгерушісі: Анарбаева .Б

Сканировано с CamScanner

Түркістан облысы

Шардара қаласы

«Шардара» мектеп-лицейі коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Тақырыбы:

«Абайдың қара сөзі тәрбие көзі»

Іс шара

Барлық топ оқырмандарына



2025- оқу жылы

Сканировано с CamScanner

Мәлімет

#Oqu_agartu_ministrligi_
#Біртұтас_тәрбие_бағдарламасы_
#Оқуға_құштар_мектеп_
#Абайдың_қара_сөзі_тәрбие_көзі_

«Шардара» мектеп – лицейінде «Оқуға құштар мектеп» бағдарламасы аясында, Қазақтың бір туар ұлы, ұлы ақын, дана ғұлама, қазақ әдебиетінің шоқтығы биік ірі тұлғасы Абай Құнанбайұлының туғанына биылғы жылы 180 жылдығына орай, ақынның қара сөздерінің тәрбиелік мәнін түсіну, адамгершілік тәрбие берудегі ақынның философиялық шолуларының маңызын түсінуге үйрету, жиырма тоғызыншы қара сөзінің мазмұнын меңгеру мақсатында «Абайдың қара сөзі - тәрбие көзі» тақырыбында мектеп – лицейіміздің кітапханашылары Анарбаева Балжан және Сейдуллаева Гүлбала апайларымыз ақынның қара сөздерін жатқа айтудан орта буын оқырмандарымен жоғарғы деңгейде байқау ұйымдастырды.
7б- Сынып жетекшісі Жексенбаева С және оқырмандары қаттысты . ,тәрбйе менгерушңсі Ахатова Г, Туияқпаева Г

https://www.facebook.com/share/p/191tUAUvS8/







Сканировано с CamScanner

«Абайдың қара сөзі — тәрбие көзі» іс-шара жоспары

Мақсаты:

1. Абай Құнанбайұлының қара сөздерінің тәрбиелік мәнін ашу.

2. Оқушыларды Абайдың шығармаларымен таныстыра отырып, оның ақыл-кеңестерін өмірде қолдануға баулу.

3. Абайдың қара сөздері арқылы адамгершілік, ұлттық тәрбие, ізгілік қасиеттерін дамыту.

Міндеттері:

1. Абайдың қара сөздеріне талдау жасап, оның философиялық маңыздылығын түсіндіру.

2. Оқушыларға адамгершілік, адалдық, еңбекқорлық сияқты қасиеттердің маңызын жеткізу.

3. Оқушылардың ойлау қабілеттерін, сөз өнерін дамыту арқылы оларды шығармашылыққа баулу.

Күтілетін нәтижелер:

1. Оқушылар Абай Құнанбайұлының қара сөздерінің тәрбиелік мәні мен философиясын түсінеді.

2. Оқушылар өз өмірінде Абайдың ақыл-кеңестерін қолдануға тырысады.

3. Оқушылардың адамгершілік құндылықтары мен ұлттық тәрбие туралы ойлары қалыптасады.

Іс-шараның жоспары

I. Ұйымдастыру кезеңі (5 минут)

- Қатысушылармен амандасу, іс-шараның мақсатын таныстыру.

- Абай Құнанбайұлының шығармашылығына қысқаша шолу жасау.

Сканировано с CamScanner

- Оқушыларды Абайдың қара сөздеріне деген қызығушылықты арттыру үшін мотивациялық сөздер айту.

II. Абайдың қара сөздерінің маңызы (10 минут)

- Мұғалім немесе жүргізуші Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығына қатысты қысқаша ақпарат береді.

- Абайдың қара сөздерінің философиялық мәні мен тәрбиелік ролі туралы түсінік беру.

- Қара сөздердің әрқайсысына жеке тоқталып, оның мазмұны мен негізгі идеяларын түсіндіру.

III. Абайдың қара сөздеріне талдау (15 минут)

1. Оқушылармен талқылау:

- Абайдың «Өзіңе сен, өмірде ештеңе қиын емес», «Адам болам десең, алдыңа мақсат қой», «Білімді мен қара сөзді дұрыс қолдана біл» деген қара сөздеріне талдау жасау.

- Оқушыларға сұрақтар қою арқылы олардың ойларын тыңдау:

- Абайдың «Өзіңе сен» деген сөзінен не түсінесіз?

- «Адам болам десең...» деген қара сөзде қандай мағына жатыр?

- Қара сөздерден алған сабағыңыз қандай?

Топтық жұмыс

2. Оқушыларды 3-4 адамнан топтарға бөліп, әр топқа Абайдың қара сөздерінен бір үзіндіні оқып, талқылау тапсырмасы беріледі.

- Әр топ өздеріне берілген қара сөзді талдап, оның тәрбиелік мәні туралы қысқаша баяндайды.

IV. Шығармашылық тапсырма (10 минут)

- Оқушыларға Абайдың қара сөздеріне қатысты шығармашылық тапсырма беріледі:

- Абайдың бір қара сөзінің мазмұнына сүйене отырып, өз ойларын жазу немесе қысқаша эссе жазу- Сонымен қатар, оқушылардан Абайдың қара сөздерін өз өмірінде қалай қолдануға болатынын сұрау.

Сканировано с CamScanner

Түркістан облысы

Шардара ауданы

Шардара қаласы

«Шардара»мектеп-лицейі каммуналдық мемлекеттік мекемесі

Тақырыбы : **Қазақ әдебиеті газетіне-90 жыл**

(Жоғары топ оқырмандар)



Дайындаған мектеп кітапхана меңгерушісі: Анарбаева. Б

2024-2025 жыл

Сканировано с CamScanner

Мәлімет

#Oqu_agartu_ministrligi

#Біртұтас_тәрбие_бағдарламасы_

#Қазақ_әдебиеті_газетіне_90_жыл_

Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейі кітапханасында жоғарғы топ оқырмандарымен сөйлеу мәдениетін дамыту, сөз өнерін қадірлеп, қастерлей білуге дағдыландыру, ақын өлеңдерін, поэзиясын сүйе білуге үйрету мақсатында "Газеттің тұңғыш редакторы – Ғабит Мүсірепов, жауапты хатшысы –

Мұхамеджан Қаратаев. Редколлегияға Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Ілияс Қабылов, Әйтеке Мусин, Ғабит Мүсірепов және Мұхамеджан Қаратаев мүшелерімен «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында **"Қазақ әдебиеті" газетіне - 90 жылдығы аталып,** ақындарымыздың өлеңдерін жатқа айтты. 9а сынып жетекшісі Сахова Гүлсім оқырмандарымызбен бірге іс-шарамыға ат салысты. Дайындаған кітапханашы Анарбаева Балжан Сеидуллаева Гүлбала

https://www.facebook.com/permalink.php?story_fbid=pfbid02JVX3RJRk9JnXVy9qqsVZkhENv7TwF9nbYKK8yXMGYf72BASJgtsxWokqvAPuUxJFl&id=100016945712462&rdid=Ddu8ZCOMWCnLM9JY#





Сканировано с CamScanner

Түркістан облысы


Шардара ауданы

Шардара қаласы

«Шардара» мектеп –лицейі

Тақырыбы : **Жырлайды жүрек.**

(Мұқағали Мақатаев іс шара)



Дайындаған мектеп кітапхана меңгерушісі: Анарбаева. Б.

2024-2025 жыл

Сканировано с CamScanner

Мәлімет

#Oqu_agartu_ministrligi

#Біртұтас_тәрбие_бағдарламасы_

#Оқуға_құштар_мектеп_

#Балалар_кітапханасы_

#Өнегелі_15_минут_

#Мұқағали_өлеңдерін_мәнерлеп_оқу_

«Шардара» мектеп – лицейінде «Оқуға құштар мектеп» және «Балалар кітапханасы» жобаларының аясында мектебімізде дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын «Өнегелі 15 минут» іс-шарасы бұл жолы қазақ поэзиясының көрнекті өкілі, ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың өмірі мен шығармашылығына арналды.

«Өнегелі 15 минут» – Мұқағали өлеңдерін мәнерлеп оқу барысында оқушылар Мұқағали Мақатаевтың өмірі мен шығармашылық жолына шолу жасап, ақынның ең танымал өлеңдерін мәнерлеп оқыды. Сондай-ақ, ақынның шығармашылығы бойынша қызықты сұрақ-жауап ұйымдастырылып, оқушылар поэзия туралы өз ойларымен бөлісті. Әсіресе, «Есіңе мені алғайсың», «Фариза, Фаризажан, Фариза қыз», «Бесік басында», «Мен өмірді жырлау үшін келгенмін» сынды туындылары оқушыларға ерекше әсер етті.

Мұқағали мұрасы – ұрпаққа аманат, ақынның «Поэзия – менімен егіз бе едің?» деп жырлағанындай, оның өлеңдері әлі күнге дейін оқырманымен бірге жасап келеді. Оқушылар «Өнегелі 15 минут» барысында бұл кездесуден Мұқағали жырларының тереңдігін ұғына отырып, оның әрбір туындысының өміршең екеніне тағы да көз жеткізді.

Сонымен қатар, Мұқағали – қазақтың қара өлеңін жаңа биікке көтерген, халқымыздың жүрек түкпіріндегі асыл сезімдерін жырына аркау еткен біртуар ақын. Оның әрбір өлеңі өмір шындығы мен адам жанының нәзік иірімдерінен сыр шертіп, оқырманын ерекше сезімге бөлейді. Ақынның шығармашылығы – туған жерге деген махаббат, ел мен жерге адалдық, анаға деген құрмет, достық пен махаббат секілді мәңгілік тақырыптарды қамтиды.


Мектеп – лицейіміздің кітапханашылары Анарбаева Балжан, Сейдуллаева Гүлбала және сынып жетекшісі Жексенбаева Салтанат әріптестеріміз «Өнегелі 15 минут» айдарын, қазақ поэзиясының көрнекті өкілі, ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың өмірі мен шығармашылығын жоғары деңгейде ұйымдастырд

Сканировано с CamScanner

эhttps://www.facebook.com/permalink.php?story_fbid=pfbid0271ZqpnKncXqun94wvdQfhUMaea8F9dMupFHmhd6RDv1kH41dpxtP47CaYv4jMUCYl&id=100016945712462&rdid=yQ5S7AwM81LR0boJ#ы







Сканировано с CamScanner

Түркістан облысы

Шардара қаласы

«Шардара» мектеп-лицейі коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Тақырыбы:

«23 сәуір Ұлттық кітап күні»

Іс шара

Барлық топ оқырмандарына



2025- оқу жылы


Сканировано с CamScanner

Мәлімет

#Oqu_agartu_ministrligi
#Біртұтас_тәрбие_бағдарламасы_
#Оқуға_құштар_мектеп_
#23_сәуір_Ұлттық_кітап_күні_

«Шардара» мектеп – лицейінде жас буынды кітап оқуға, оқу мәдениетін дамытуға, оқырмандардың рухани білімін жетілдіру мақсатында «23 сәуір - Ұлттық кітап» күні аясында кітап көрмесін ұйымдастырып, орта буын оқырмандарымен өз деңгейінде іс – шара өтті. «Озық ойлы ұлт болудың төте жолы – кітап оқу» 6а сынып жетекшісі Сатылғанова Мадина оқырмандармен кітапхана меңгерушісі Анарбаева Балжан әріптесіміз көрмемен таныстырды.

https://www.facebook.com/100016945712462/posts/pfbid02UpUR9gyY3AncyLRRACx5Tktv6ABRMMLUCYCmJoXcbQyaX4XdmQE6JmqxbZiERawQl/?mibextid=VhDh1V





Сканировано с CamScanner

23 сәуір – Дүниежүзілік кітап және авторлық құқықты қорғау күні

23 сәуір – әлем әдебиеті үшін символикалық дата. Дәл осы күні әлемдік әдебиет майталмандары М.Сервантес, У.Шекспир, И.Вега, М.Дрюон сынды танымал авторлар туған немесе өмірден озды. 1995 жылы Парижде өткен ЮНЕСКО-ның Бас конференциясы бұл күні кітаптар мен авторларға құрмет білдіру туралы шешім қабылдады. Мереке Халықаралық Кітап баспа Ассоциациасының ынтасымен 1969 жылдан тойланып келеді. 1995 жылдың 16-қарашасында өткен ЮНЕСКО-ның Бас конференциясының 28 сессиясында мереке туралы Қарар қабылданып, 23 сәуір - «Дүниежүзілік кітап және авторлық құқықты қорғау күні» болып жарияланды. Осы мереке арқылы ЮНЕСКО ұйымы баршаны, әсіресе, жастарды кітап оқудан ләззат алуға, адамзаттың әлеуметтік және мәдени дамуына өлшеусіз үлес қосқан адамдардың еңбегін құрметтеуге шақырады.

Жыл сайын Дүниежүзілік кітап және авторлық құқықты қорғау күніне орай облыстық кітапхана түрлі мәдени шаралар ұйымдастыруды дәстүрге айналдырған. Биылғы кітап мерекесі 22-сәуір күні **«Бұл кітап әлемі»** атты **Ашық есік күнімен** басталды. Кітапхана аванзалында «Әлемді кітаппен таны» атты кітап көрмесі дайындалды. Көрмеге кітапсүйер қауымды қорға көліп түскен жаңа басылымдармен таныстыру мақсатында түрлі саладағы әдебиеттер қойылды.

Балалар бөлімінде «Біз кітаппен біргеміз» атты жанұялық байқау ұйымдастырылды. «Отбасымызбен кітапханаға» ұранымен өткен бұл байқаудың мақсаты - отбасының кітапқа, кітап оқуға деген сүйіспеншілігін ояту, кітап - жанұяның бос уақытын өткізудегі ең бір ажырамайтын бөлігі екендігін көрсету, баланы кішкентай кезден кітап оқуға баулу. Байқауға қаламыздағы Ибрагимовтар, Құлмағамбетовтар, Абдреевтар отбасы мүшелері қатысып, викториналық сұрақтарға жауап беру, сурет арқылы ертегі кейіпкерлерін анықтау, үзінді оқып, шығарманың аты мен авторын табу, мақал-мәтелдерді жалғастыру, отбасылық өнерін көрсету сынды қызықты сайыстардан өтті.

Лекция залында ақиық ақын Фариза Оңғарсынованың баспадан жаңа шыққан толық шығармалар жинағының тұсаукесері өткізілді. Ақынның он екі томдық толық шығармалар жинағы – тұтас бір тарихи-әдеби дәуірдің идеялық-көркемдік бейнесін жан-жақты сомдаған рухани құндылық. Тұсаукесерде жинақтың әр томы – көзі қарақты оқырманға ризық болар бір-бір рухани қазына екендігі туралы баса айтылды.

«Кітапханаға қош келдіңіз» айдарымен кітапхана қонақтары үшін барлық бөлімдерге саяхат жасалды. Қала тұрғындары мен оқырмандар үшін кітапхананың күнделікті тыныс-тіршілігімен жақын таныстыруға бағытталған «Кітапхана тынысы» атты слайд-шоу ұсынылды.

Кітап оқу – адамды ізгілендіру, қоғамды жақсарту үшін ең қажет алғышарттардың бірі. Ендеше, Дүниежүзілік кітап және авторлық құқық күні құтты болсын, оқырман!

Дүниежүзілік кітап күні 1995 жылғы 15 қарашада ЮНЕСКО-ның 28-ші сессиясында жарияланған. Аталған шешім мәдени дәстүрлерді ағарту және дамыту мақсатында, сондай-ақ кітаптар білімді таратудың ең маңызды құралы және оны сақтаудың ең сенімді әдісі болып табылатындығын ескере отырып қабылданған.

Сканировано с CamScanner